



Автор: ДУЙСЕНБИНА РАБИГА ОЖАНОВНА

Пән: География

Сынып: 7-сынып

Бөлім: Физикалық география/Гидросфера

Тақырып: Гидросфера және оның құрамдас бөліктері

Осы сабақта қолжеткізілетін оқумақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	Гидросфераның құрамдас бөліктерін анықтау; Табиғаттағы су айналымын түсіну; Гидросфера құрамындағы сулардың қалыптасуы мен маңыздылығын ажырату
Сабақ мақсаттары	Гидросфераның құрамдас бөліктерін анықтайды, су айналымдарын талдайды
Тілдік мақсаттар	Пәндік лексика және терминология: гидросфера, мұхит, құрлық суы, өзен, көл, мұздықтар, жерасты суы, теңіздер. Оқытудың тілдік мақсаты: гидросфераның құрамдас бөліктерін түсіндіру үшін болжам құруға топта жұмыс істейді. (айтылым, тыңдалым және жазылым дағдылары) Диалог құруға /жазылымға қажетті сөздер топтамасы: Суретте ... Мен ... деп болжаймын. Су айналымының маңызы зор себебі.....
Құндылықтарды дарыту	Өзіне және айналадағыларға құрметпен қарау, қоршаған ортаға, суды үнемдеп, қорғауға тәрбиелеу.
Пәнаралық байланыстар	Химия пәнімен судың химиялық құрамын анықтау.
АКТ қолдану дағдылары	Интерактивті тақта, презентация

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (10 минут)	Ұйымдастыру.Сәлемдесу. Ынтымақтастық атмосферасын құру. «Шаттық шеңбері» Оқушылар бір-біріне сәттілік тілейді.Оқушылар елді-мекен, қала атаулары («Талдысай», «Ақтөбе», «Астана») бойынша үш топқа бөлінді. Себебі Талдысай, Ақтөбе, Астана..... .Биылғы жылы елордамыз Астананың бас қала болғанына 20 жыл толады. Қазір «Табиғаттағы су айналымы» бейнеролик қараймыз.Бүгінгі сабақтың тақырыбы:«Гидросфера және оның құрамдас бөліктері»	Презентация слайд 1 бейнеролик "Табиғаттағы су айналымы"
Сабақтың ортасы (20 минут)	1.Топтық жұмыс. 1-топ «Гидросфера» 2-топ «Судың қасиеті» 3-топ «Табиғаттағы су айналымы» Топ бойынша оқушылар берілген мәтінді жеке оқып, жұпта талқылап, топта постер құрғайды. Дескриптор: - Мәтінді оқи отырып, түсініп,жеке, жұпта және топта бір-біріне түсіндіре алады және де сызба құрастыра алады. Қалыптастырушы бағалау:топтардың жұмысы және де топтар бойынша бірін-бірі «Бас бармақ» әдісімен бағалайды. 2.Кескін картамен жұмыс. Жазылған нысанды картада белгілеу.Ырғыз, Елек, Есіл. Дескриптор: - Жазылған нысанды кескін картаға түсіре алады. Қалыптастырушы бағалау: оқушылар +, - бағаланады 3.«Сәйкестендіру тесті» Литосфера Жерасты сулары Судың 96,5% Тіршілік қабаты Атмосфера Тас қабаты Судың 1,7% Мұхит Биосфера Ауа қабаты Дескриптор: - Берілген сөздерді сәйкестендіре алады. Қалыптастырушы бағалау: оқушылар смайликтертермен бағаланады. 4.«Балық қаңқасы» «Су тіршілік көзі» Дескриптор: - «Су тіршілік көзі» мәселесінің себептері мен дәлелдерін және маңызын түсіндіріп жаза алады. Берілген сөздерді сәйкестендіре алады. 5.«SWOT» талдау Гидросфера Мықты жақтары Әлсіз жақтары Мүмкіндіктері Қауіпті жақтары Дескриптор: «Гидросфера» туралы түсінгендеріне талдау жасай алады.	оқулық карта, атлас слайд 2 слайд3 4 слайд

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы (10 минут)	6.«Кезбе тілші» Сұрақтары: 1.Гидросфераның құрамдас бөліктерін ата 2.Бүгінгі сабақ барысында көңіл күйің қандай болды? 3.Бүгінгі сабақ ұнады ма? Ерекше ұнаған сәттерін атап жіберші?	слайд 5